ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 22 сәуір №2301-25-00-2/764 Атырау қаласы

Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында: төрағалық етуші судья А.Е.Султангалиева, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «Атырау аудандық пайдалану бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер «ЗЕРЕ»

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАПТАРЫ:
1. мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану,
2. тұрақсыздық айыбын өндіру туралы,

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 117, 267-4, 223-226, 229 баптарын басшылыққа ала отырып, сот

Ш Е Ш І М Е Т Т І:

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің «Атырау аудандық пайдалану бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің «ЗЕРЕ» жеке кәсіпкерін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыбын өндіру туралы талап қоюы – қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «ЗЕРЕ» мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«ЗЕРЕ» жеке кәсіпкерден мемлекет кірісіне 549 (бес жүз қырық тоғыз) теңге тұрақсыздық айыбын және 1 982 (бір мың тоғыз жүз сексен екі) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 22.04.2025
Заңды күшіне енген күні: 29.05.2025, судья Саудабаев А. Б., 30.05.2025
2301-25-3-1/892

хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге Атырау облыстық сотының азаматтық істері жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым, прокуродың өтінішхаты Атырау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья А.Е.Султангалиева
Көшірмесі дұрыс. Судья А.Е.Султангалиева

Құжатқа қол қойылған: Султангалиева А. Е., 22.04.2025
Заңды күшіне енген күні: 29.05.2025, судья Саудабаев А. Б., 30.05.2025
2301-25-3-1/892